

## Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур  
11 - сынып  
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

*Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.*

**Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:**

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Менің үшін Дүниенің дидары бұзылады. Аяймын мен анасыз, Атасызды. Аяймын мен құлынсыз, Ботасызды.  <b>Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған. Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз?</b>
2	Қазақ әдебиеті	Ой, залым-ай, Жүзіқара залым-ай, Мұнша залым екеніңді қалай келгем танымай! Бұдан өткен зор қасірет болар ма Бұдан өткен зор қасірет болар ма! («Нарынқұм зауалы»).
		<b>1. Өлеңде арнаудың қай түрі қолданылған, оның ережесін айтыңыз</b> А) зарлай В) сұрай С) риторикалық D) жарлай E) символ
		<b>2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі және оның жасалу формасы жайлы айтыңыз</b> А) егіз В) шалыс С) шұбыртпалы

		D) аралас E) ерікті
3	Қазақ тілі	<b>Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.</b>  Ар-ұят, намыс, кек – бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады.
4	Қазақ тілі	<b>Мәтінде қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса.</b>
5	Тіл мәдениеті	<b>Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.</b>  Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға өлеңдер жазған, есейген соң <b>арланып</b> , тастаған Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол <b>күйімен</b> кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер <b>жерге көмілер</b> еді?! Абай сөздері- қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөндегісі келген кісілерге де, <b>сілтеген</b> жолды <b>ылақпай</b> тұп-тура тапты, адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс адамдарымен танысып, өлең орны қайда <b>екенін</b> білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, тор түгіл, тақтан орын берген. Бірақ сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қанша оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тындаушы көбі надан <b>болғандықтан</b> , өлең болып айтылып, жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-сараң екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын <b>жеңіл сөздерді</b> тындауға құмар Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген.  Сонымен Абайдың <b>сыншылығы</b> , өлең жақсы болуға неден екендігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, <b>өнеге жайғыш</b> болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне <b>жарайтындығын</b> бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін - өлең бунақтары тексеріліп орнына <b>қойылмағандық</b> . Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректен кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол

	<p>өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің <u>дағдылы</u> түрінен басқарак болған соң, оқушылар жаттыққанша <b>жатырқайды</b>. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.</p> <p><b>I. Асты сызылған сөздерді синониммен алмастыр.</b></p> <p><b>II. Мәтін қай стильге жатады?</b></p> <p><b>III. «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек» деген ойды үш сөйлеммен қорытындыла.</b></p>
--	---

- *Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут*